

## **Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 шілдедегі № 08 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 декабрь № 21 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 4562 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 11-10/254 ұсынысы негізінде Көздіғара ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 шілдедегі № 08 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4213 тіркелген, 2018 жылы 08 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Көздіғара ауылдық округі әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы*

*А. Ақбалашұлы*